

*Есту қабілеті бұзылған
балалардың сөйлеу тілін
дамыту жолдары мен
әдістері*

Л.С.Выготский
айтқандай: «Мылқаулық
органикалық
зақымдалудан емес,
дыбысты естімей және
дауыстап сөйлеуі жете
дамымаған. Мылқауды
сөйлеуге үйрету оның
сезім мүшесін екіншісіне
ауыстыру емес», - дейді.



Кереңдік – туа пайда болған және жүре пайда болған болып бөлінеді. Туғаннан керең болу – ұрпақтың дұрыс дамымау салдарынан немесе әр түрлі улы заттармен уланғаннан, әр түрлі аурулардың себебінен пайда болады. Туа пайда болған кереңдікті баланың дамуына мұқият бақылағанда ғана байқауға болады. Балалардың тілі даму кезіндегі «гуілдеуі» еститін баладан еш айырмашылығы болмайды. Бірақ бес айдан бастап, дыбыстарды ажырату, оған еліктеуі жоғалады.

Естімейтін бала сезімін білдіргенде ғана, дыбыс шығарады (мысалы, анасының түрін көргенде, қарны ашқанда, ауырғанда, қорыққанда және т.б.). Қалыпты жағдайда естімейтін бала тыныш жатады. Осы кезде шығарған дыбыстар түсініксіз, бірқалыпты болады. Жүре пайда болған кереңдікке-туғаннан кейінгі сырқаттар немесе ауырған аурулары жатады (менингит, қызылша және т.б.). Сонымен қатар әр түрлі құлақ аурулары да жатады.

Әрбір адам кішкентай кезінен бастап айналасындағы адамдармен сөйлеседі, өзінің күнбе-күнгі сөйлеу тәжірибиесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп сөздік қоры молайып отырады. Алғашқы кезде бала көптеген дыбыстарды, жеке сөздерді үлкендерге еліктеу арқылы үйренеді. Осы кездегі сөздері көбінесе жеке, нақтылы болып келеді. Өсе келе өз ана тілінің ішкі заңдылықтарын үйренеді, кейін есейе келе тілдің дамуы қоғам дамуының кезеңдеріне сай қалыптасып отырады.

Ал естімейін балалар жағдайы мүлдем басқаша, есту қабілетінің нашарлауына, есту кемшілігіне байланысты бала үлкендерге еліктеу арқылы сөз, сөз мағынасын қабылдай алмайтындықтан арнайы түзету жұмыстары, байланыстырып сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру іс-әрекеттері арнайы сурдопедагогикалық талаптарға сай жүргізіліп, естімейтін баланың байланыстырып сөйлеу тілі дағдылары қалыптастырылып, өмірге бейімделеді.


Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды Ал естімейтін баланың дыбыстарды қадағаламауына байланысты сөзі таза болмайды, сондықтан да түзетіп, таза сөйлеуді талап етіп отыру аса қажет.

Еститін адамдармен бірге жүру, қарым-қатынас жасау арқылы естімейтін баланың да байланыстырып сөйлеу тілі, сөз байлығы молая бастайды.

Нашар еститін балалардың айту мәнерін коррекциялауда дауыспен жұмыс жасау процесіне аз көңіл бөлінген. Аталмыш сұрақтар бірыңғайлы қарастырылған, әрі жұмыс жүйелі түрде ұсынылмаған, тек аздаған әдістемелік жолдар ұсынылған. Дегенменде дауыс «айту мәнерін» қалыптастыруда маңызды роль атқарады, өйткені, ол барлық дауысты дыбыстар мен ашық дауыссыз дыбыстардың негізі болып табылады.

Есту қабілеті нашар еститін балалардың қабылдау ерекшелігі, олардың акустикалық үйлесі, ұқсас дыбыстарды ажырата алмайтындығы. Сондықтан олар ауызекі сөйлеуде, жазу үстінде ашық және қатан дыбыстарды шатастырады, дауыстыларды ажырата алмайды.

Тіл кемістігі көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Есту қабілеті бұзылған балалардың тіл кемістіктерін зерттеп жою үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады.



Әдістер

Бақылау

Бұл кең тараған педагогикалық тәсіл. Бұл тәсілді педагогикада да, психологияда да, кең қолданылады, сонымен бірге логопедия да пайдаланды. Сөзінің шапшаңдығын, дыбысты айтуын, сөйлем құрауын, сөз қорын сөйлегенде бақылай отырып, тілінің жалпы жағдайы туралы біз кейбір қорытынды жасай аламыз да, анықталаған кемшілігін белгілейміз. Бұл тәсілді пайдаланғанда белгілі бір талапты сақтау керек. Бақылаудың сөйлегенін ғана бақылай беруге болмайды, ол үшін бақылаудың алдын-ала мақсатын қою қажет.

Әңгімелесу

Тіл кемістіктердің әңгімелесудің көмегімен анықтайтын тәсіл. Әңгімелесу арқылы баланың дыбыстардың қайсысын дұрыс, қайсысын бұрмалап немесе тастап кетіп, бір дыбысты екінші дыбыспен алмастырып сөйлейтінін анықтаймыз.

Тәжірибе жасау

Бұл тіл кемістіктерін зерттейтін тәсілдердің үшінші түрі. Бұл тәсілдің басқалардан артықшылығы сол, ол өзінің мұқияттылығымен және қатаң жүйелілігімен ерекшеленіп, бізге керекті нәтижені тезірек алуымызға мүмкіндік береді.

Тәжірибе жасау тәсілі

табиғи

лабораториялық

Тәжірибе жасау тәсілі өз алдына екі топқа бөлінеді:

табиғи тәжірибе

Табиғи тәжірибе баланы әдеттегіше ойнату, оқыту немесе еңбек еткізу арқылы жүргізіледі. Мысалы, бала тілінің фонетикалық жағын анықтау үшін жүргізіледі. Ол үшін арнаулы көрнекті құралдар арқылы дыбыстардың айтылуын тексереді.

лабораториялық тәжірибе

Лабораториялық тәжірибе тіл кемшіліктерін тереңірек және көбірек анықтап зерттеу мақсатында қолданылады. Ол үшін әртүрлі аппараттар пайдалану мүмкін. Мысалы: тұтықпа баланың сөзін жазу үшін таспа, есіту қабілетін арнаулы аудиометр, тұтығып сөйлегенде болатын тыныс кемістігін зерттеп білу тәсілінен басқа логопедияда тіл кемістігінің жекелеген кейбір түрін жоятын арнаулы тәсіл бар. Бұл тәсілді ыңғайына қарай медициналық және педагогикалық деп екі топқа бөледі.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу ерте кезден бастап қарастырылып келеді. Бірақ, ескі жүйеде ауызша сөйлесу әдісі тек ым-ишара болса, ал қазіргі мақсат-бірден ауызша сөйлеуге үйрету. Бұл мәселемен ХХ ғасырдың екінші жартысында ірі ғалымдар мен педагог-сурдолгтар айналысы бастады. Бұл мәселе төңірегінде, яғни есту қабілеті кем оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жөнінде көптеген сурдопедагогтар, *Е.Н.Андреева, Н.И.Белова, Е.Ф.Рау, Ф.Ф. Рау, Н.Д.Шматко* сияқты ғалымдардың еңбектері жарыққа шыққан.

Н.Ф.Слезина, Е.Н.Андреева, Н.И.Белова, С.А.Зыков сияқты ғалымдардың еңбектері есту қабілеті зақымдалған балалардың дыбыс шығарудың түзету жолдары мен сөз айту мәнеріне арналған.

***Назарларыңызға
рахмет!!!***